

Көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Майоровка ауылының әкімінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 қазанда № 4983 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 30 мамырдағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Майоровка ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра ауданы Майоровка ауылының көшесі:
Майоровка көшесі Тәуелсіздік көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

М. Бастенов